«АТЫРАУ МҰНАЙ ӨҢДЕУ ЗАУЫТЫ» ЖШС БАСЫЛЫМЫ

# НОВАТОР

31 желтоқсан
2020 жыл
БЕЙСЕНБІ

№ 24 (4464)

1948 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

WWW. ANPZ.KZ

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:



2

"КОМПАКС" ВЫЯВИТ НЕПОЛАДКИ



3

ЕЛЕУЛІ ЕҢБЕККЕ - ЖОҒАРЫ ҚҰРМЕТ




## ҚҰРМЕТТІ ЗАУЫТТЫҚТАР, ҚАДІРМЕНДІ АРДАГЕРЛЕР!

**Сіздерді келіп жеткен Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймын!**

Өткен 2020 жыл бүкіл әлем үшін сынақтар мен қиындықтар кезеңі болды. Біздің өмірімізге енген пандемия жоспарларымызға күтпеген және маңызды түзетулер енгізді. Экономиканың барлық салалары, соның ішінде мұнай өңдеу секторы отын өнімдерін тұтыну көлемінің төмендеуі және көлік қатынасының толығымен тоқтауы сияқты бірқатар қиындықтарға тап болды. Бірақ "Самұрық-Қазына" қоры мен "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясының жедел және ойластырылған әрекет ету шараларының арқасында **кәсіпорындардың өндірістік әлеуеті, ең бастысы, жұмыс орындары мен жалақы сақталды**.

Зауыт жұмысшылары-қиындықтарды жеңе білетін даңқты мұнай өңдеушілердің ұрпақтары және бұл жолы туындаған катаклизмге лайықты қарсы тұрды: **біздің ұжым ерік-жігердің, еңбекқорлық пен сананың шоғырлануының бір өзегіне айналды**. Қатаң карантин кезеңінде зауыт бір минутқа да тоқтамады және ҚР Энергетика министрлігінің әлеуметтік маңызы бар мұнай өнімдерін шығару жөніндегі өндірістік жоспарын орындай отырып, штаттық режимде жұмыс істеді. Сонымен қатар, пандемия өршіп тұрған уақытта біз **15** технологиялық қондырғыға жоспарлы жөндеу жұмыстарын сәтті жүргіздік.

2020 жылы біз құны жоғары **бензол мен параксилол** өнімдерінің өндірісі мен экспортқа жөнелтілуін екі есеге ұлғайттық. Автобензин экспортының көлемі артты. Өткен жылы сыртқы нарыққа алғаш рет біздің дизель отынымыз жеткізіле бастады. **Біз көптеген мәселелерге төтеп беріп, қаржы тұрақтылығын сақтай алдық.** Зауыт мемлекеттік бюджет алдындағы өз міндеттемелерін орындап қана қоймай, аударымдар сомасын да ұлғайтты. **2020 жылдың 10 айының қорытындысы бойынша АМӨЗ мемлекет қазынасына 34 млрд теңге мөлшерінде салық төледі, бұл 2019 жылмен салыстырғанда 15% - ға артық.**

Өткен жылы АМӨЗ 75 жылдық мерейтойын атап өтті! **Осы күнге орай, сондай-ақ қызметкерлерді қамқорлыққа ала отырып, біз зауыт инфрақұрылымының бірқатар нысандарын қайта жаңғыртуды жүргіздік.** Жаңа медициналық орталық ашылып, орталық асхана мен зауыт мұражайына күрделі жөндеу жүргізілді. Бұл нысандардың барлығы заманауи құрылғылармен жабдықталған. Зауыттың білікті мамандарына, өзінің табысты еңбегінің, білімі мен тәжірибесінің арқасында біздің кәсіпорынның тұтас тетігінің маңызды буынына айналған қызметкерлерге жаңа пәтерлердің кілттерін табыстау бақыты бұйырды.

С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетімен бірлесе отырып біз көптен күткен және бүкіл сала үшін маңызды жобаны – мұнай-химия инженериясы және экология институтын ашуды жүзеге асырдық. Бірегей білім беру орталығы мұнай өңдеу және газ-химия өнеркәсібі үшін сұранысқа ие мамандықтар бойынша кадрлар даярлайтын болады.

Барлық кәсіпорын қызметкерлеріне қажырлы еңбегі мен зауытқа деген адалдығы үшін алғыс айтқым келеді. Біз қол жеткізген жетістіктермен тоқтап қалмаймыз-алға, жаңа нәтижелер мен жеңістерге қарай ілгерілейміз! **Ұлы Абай айтқандай,"талапты ерге нұр жауар".**

Сіздерге, қымбатты зауыт жұмысшылары, еңбекте табыс және отбасыларыңызға амандық тілеймін! Ардагерлерге мықты денсаулық, ұзақ өмір және көтеріңкі көңіл – күй тілеймін! 2021 жыл әр отбасыға қуаныш, молшылық, бейбітшілік пен тұрақтылық әкелсін!

**«АМӨЗ» ЖШС Бас директоры Шухрат Данбай**

## УВАЖАЕМЫЕ ЗАВОДЧАНЕ, ДОРОГИЕ ВЕТЕРАНЫ!

**Поздравляю вас с наступающим Новым годом!**

Уходящий 2020-й год стал периодом испытаний и сложностей для всего мира. Пандемия, вторгшаяся в нашу жизнь, внесла неожиданные и существенные коррективы в наши планы. Все отрасли экономики, в том числе и нефтеперерабатывающий сектор, столкнулись с рядом трудностей, таких как снижение объема потребления топливной продукции и практически полная остановка транспортного сообщения. Но благодаря оперативным и продуманным мерам реагирования фонда «Самрук-Казына» и национальной компании «КазМунайГаз» **был сохранен производственный потенциал предприятий и, самое главное, рабочие места и заработная плата**.

Заводчане-потомки славных нефтепереработчиков,умеющие преодолевать трудности, и на этот раз достойно противостояли возникшему катаклизму: **наш коллектив стал единым стержнем, концентрацией силы воли, трудолюбия и сознательности**. В период жесткого карантина завод не останавливался ни на минуту и работал в штатном режиме, выполняя производственный план Министерства энергетики РК по выпуску социально значимых нефтепродуктов. Более того, в самый пик пандемии мы успешно провели плановый ремонт **15** технологических установок.

В 2020 году мы почти в два раза увеличили производство и отгрузку на экспорт продуктов с высокой добавленной стоимостью – **бензола и параксилола**. Увеличили объемы экспорта автобензинов. В уходящем году впервые на внешний рынок начало поставляться наше дизельное топливо. Н**ам удалось выстоять и сохранить финансовую стабильность.** Завод не только выполнил свои обязательства перед государственным бюджетом, но и увеличил сумму отчислений. **По итогам 10 месяцев 2020 года АНПЗ выплатил налоги в казну государства в размере 34 млрд тенге, это на 15% больше по сравнению с аналогичным периодом 2019 года.**

В уходящем году АНПЗ отметил юбилей – 75-летие! **В честь этой даты, а также руководствуясь заботой о персонале, мы провели реконструкцию ряда объектов заводской инфраструктуры.** Открыли новый медицинский центр, провели капитальный ремонт центральной столовой и заводского музея. Все эти объекты были оснащены современным оборудованием. Счастливым событием стало вручение ключей от новых квартир квалифицированным специалистам завода, тем, кто благодаря своему успешному труду, знаниям и опыту стали значимыми звеньями целостного механизма нашего предприятия.

Совместно с АУНиГ им. С. Утебаева нам удалось реализовать долгожданный и значимый для всей отрасли проект – открытие института нефтехимической инженерии и экологии. **Уникальный образовательный центр** будет готовить специалистов по востребованным специальностям для нефтеперерабатывающей и газохимической промышленности.

Я хочу поблагодарить всех заводчан за самоотверженный труд и преданность заводу. Мы не остановимся на достигнутом – будем двигаться вперед, к новым результатам и победам! **Как сказал великий Абай, «Талапты ерге нұр жауар – стремящегося ждет успех».**

Желаю, вам, дорогие заводчане, трудовых успехов и семейного благополучия! Ветеранам – крепкого здоровья, долгих лет жизни и бодрого настроения! Пусть 2021 год принесет в каждую семью радость, достаток, мир и стабильность!

**Генеральный директор ТОО «АНПЗ» Шухрат Данбай**

QAÝIPSIZDIK | БЕЗОПАСНОСТЬ
SAPA | КАЧЕСТВО
TURAQTYLYQ | СТАБИЛЬНОСТЬ

QazMunaiGaz AMÓZ ATYRAÝ MUNAI ÓŃDEÝ ZAÝYTY

РАЗВИТИЕ

# ЗДЕСЬ БУДУТ ГОТОВИТЬ НЕФТЕХИМИКОВ

**Совместный проект по открытию института нефтехимической инженерии и экологии при АУНиГ им. С. Утебаева реализован Атырауским НПЗ и самим вузом в рамках подписанного Меморандума о взаимопонимании и сотрудничестве.**



Основанию института непосредственную поддержку оказал сам министр энергетики РК Н.Ногаев, а также Министерство образования РК и Ассоциация Kazenergy. Институт создан на базе кафедры «Химическая технология органических веществ» (ХТОВ), где при финансовой поддержке ТОО «АНПЗ» был проведен ремонт учебных кабинетов и лаборатории общей площадью 3300 кв. Институт обеспечен современным лабораторным оборудованием и компьютерным тренажерным комплексом для отработки студентами навыков управления технологическими установками НПЗ.

Институт станет уникальным образовательным центром по подготовке инженеров по востребованным специальностям нефтеперерабатывающей и газохимической промышленности. Лекции для студентов будут читать преподаватели РГУ им. И. Губкина, Санкт-Петербургского государственного университета, Уфимского государственного научного технического университета и ведущие инженеры-технологи АНПЗ. Местные преподаватели в рамках специально разработанной программы будут проходить стажировки на Атырауском НПЗ. Одним из преимуществ обучения в данном институте станет трудоустройство его выпускников на АНПЗ, также на строящихся в Атырауской области интегрированных газохимических комплексах KPI Ink и KLPE.

В знак признания заслуг партнеров в расширении потенциала вуза руководство АУНиГ им. С. Утебаева присвоило звание «Золотой партнер» АО «НК «КазМунайГаз» и ТОО «АНПЗ».

АНПЗ и АУНиГ им. С. Утебаева связывает долголетнее плодотворное сотрудничество. На протяжении многих лет завод является площадкой для прохождения производственной практики и дуального обучения студентов, а ведущие специалисты предприятия задействованы в учебном процессе вуза, являются лекторами и консультантами по образовательной программе ХТОВ.

**Фото Данияра МУХАМБЕТОВА**

НАГРАДА

# ВЫСОКАЯ ОЦЕНКА ТРУДА

**Председатель Правления АО «НК «КазМунайГаз Алик Айдарбаев в режиме онлайн поздравил работников группы компаний КМГ с Днем независимости Республики Казахстан.**

В своей поздравительной речи глава национальной компании отметил, что уходящий год выдался тяжелым. И главная причина этому пандемия, охватившая весь мир. Но в отличие от прошлых лет, КазМунайГаз на этот раз смог противостоять негативным последствиям внешних факторов. В частности, компанией была принята антикризисная программа, сокращены затраты, но сохранены рабочие места производственного персонала. Более того, продолжают выполняться социальные обязательства и улучшаются условия труда рабочих.

Труд многих специалистов нефтяной отрасли был отмечен грамотами и благодарственными письмами. В числе награжденных и работники Атырауского НПЗ. Старший операционный координатор ПиТН Марат Каримов был удостоен Почетной грамоты АО «НК «КазМунайГаз», а начальник факельных установок ППНГО Алексей Ларин - Памятного знака КазМунайгаза. Еще два работника завода получили награды из рук генерального директора ТОО «АНПЗ» Шухрата Данбай. Оператору технологической установки ППНГО Жаналы Суингалиеву была вручена медаль «Мұнай-газ кешенін дамытуға қосқан үлесі үшін»,




а старшему операционному координатору ППНГО Кусаину Урынбасарову – Почетная грамота АО «НК «КазМунайГаз».

Ш.Данбай поздравил награжденных с Днем независимости Республики Казахстан, отметил их вклад в экономику страны и преданность заводу. К слову, трое из отмеченных наградами имеют почти 40-летний трудовой стаж на АНПЗ. В свою очередь, отличившиеся нефтепереработчики выразили благодарность за высокую оценку их работы и поделились теплыми воспоминаниями из трудовых лет.

**Фото Данияра МУХАМБЕТОВА**

ОБСЛУЖИВАНИЕ ОБОРУДОВАНИЯ

# «КОМПАКС» ВЫЯВИТ НЕПОЛАДКИ

**На установке этерификации легкой нафты каталитического крекинга (ТАМЭ) Атырауского НПЗ завершено внедрение первой системы мониторинга технического состояния и автоматической диагностики КОМПАКС®. Она является частью программы по управлению цифровой надежностью производственных активов группы «КМГ», направленной на повышение безопасности и эксплуатационной готовности технологических объектов, эффективности процессов технического обслуживания и ремонтов.**

Система КОМПАКС® - единственный в мире программно-аппаратный комплекс, искусственный интеллект которого обеспечивает в реальном времени раннюю автоматическую диагностику неисправностей и прогноз технического состояния основного технологического оборудования НПЗ и НХЗ. По словам директора департамента развития бизнеса ООО НПЦ «Динамика» Алексея Синицына, система обеспечивает 100% исключение аварий и внеплановых простоев технологических комплексов из-за внезапных отказов оборудования, значительное снижение длительности плановых остановочных ремонтов, более чем на 30%, повышение дисциплины и ответственности персонала, а также сокращение затрат на техническое обслуживание и ремонт по сравнению с системой планово-предупредительных ремонтов (ППР).

Распределенная аппаратная платформа системы КОМПАКС® состоит из интеллектуальных измерительных модулей и датчиков различных физических величин, выполняющих измерение, усиление, преобразование и передачу сигналов с датчиков, установленных на агрегатах, в диагностическую станцию, расположенную в операторной технологической установки. Уже во время пусконаладки, система КОМПАКС® автоматически определила, что в недопустимом техническом состоянии находятся четыре аппарата воздушного охлаждения из 24 агрегатов, при этом система диагностировала у них одинаковые неисправности и рекомендовала обслуживающему персоналу проверить жёсткость крепления аппаратов к присоединительным конструкциям и аэродинамический дисбаланс. По рекомендации системы КОМПАКС® служба ТОРО завода запланировала и провела работы по протяжке болтовых соединений крепления конструкций АВО и защитных решеток конструкции на этажерке №1 тит. 3207.

Внедрение интеллектуальной технологии на установке этерификации легкой нафты каталитического крекинга является началом реализации пятилетней Программы завода по переводу динамического и основного статического оборудования на эксплуатацию по фактическому техническому состоянию. Уже в первом квартале 2021 года на АНПЗ будет развернута диагностическая сеть Compacs-Net® и еще 4 технологических комплекса будут оснащены системами КОМПАКС®. Реализация этой Программы является ключевым звеном проекта по внедрению риск-ориентированных цифровых технологий управления надёжностью и операционной эффективностью дочерних предприятий группы АО «НК «КазМунайГаз». Необходимо сказать, что аналогичная система внедрена и успешно работает на ПНХЗ.

Цифровизация процессов управления надежностью позволяет заблаговременно знать и предупреждать о неполадках в работе оборудования, не допускать внеплановых остановов на производствах, а главное, увеличить межремонтный пробег предприятия в целом.

**Юрий КУСТАДИНЧЕВ,
директор департамента
по обеспечению надежности и
механической целостности ПА**



ПРИЗНАНИЕ

# ГЕРОИ ТРУДОВОЙ СЛАВЫ





Тридцать два атыраусца получили государственные награды в честь Дня независимости Республики Казахстан. Их вручил аким Атырауской области Махамбет Досмухамбетов на торжественном мероприятии, состоявшегося в областном казахском драматическом театре имени Махамбета Утемисова. В числе награжденных-два работника Атырауского нефтеперерабатывающего завода.

**Орденом «Еңбек даңқы» II степени** награжден **старший операционный координатор ПиТН Марат Каримов, а оператор технологической установки ПКиС Арман Балабаев** получил орден **«Еңбек даңқы» Ш степени!**

Поздравляем коллег и желаем новых трудовых успехов!

МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ

# QR-КОД – көп мәселенің шешімі

**Қазіргі таңда қызметкерлердің өткізу құжатын QR-коды бар жаңа түріне ауыстыру жұмыстары қызу жүріп жатыр. Осы тұста қызметкерлердің оның қажеттілігі жөнінде жаңсақ пікірге ұрынуына әкеліп соғуда. Сол жөнінде төменде қысқаша нұсқаулық ұсынамыз.**

QR-код *(ағылш. Quick Response Code-жылдам әрекет ету коды)*-бұл АМӨЗ қызметкерлері оқыған кәсіпорынға міндетті оқыту (обязательные виды обучение) түрлеріне жылдам өту үшін қолданылатын квадрат штрих-коды. Өрт-техникалық минимум, метанолмен жұмыс істеу кезіндегі өнеркәсіптік қауіпсіздік ережелері, биіктікте жұмыс кезіндегі қауіпсіздік техникасы талаптары және т. б. оқыту түрлерінің құжаттары iSpring жүйесінде енгізілген.

Мысалы:Қызмет уақытында жұмысшы белгісіз бір жағдаймен өзінің кәсіпорынға міндетті оқыту құжаттын ұмытып кетеді. Сол уақытта техника-қауіпсіздігі инженері, қызметкерден міндетті оқыту құжаттын сұрамай, телефонның камерасы арқылы өту құжатындағы (пропуск) QR кодты түсіріп, міндетті оку құжаттарын (сурет 1) көре алады.



QazMunaiGaz AMÖZ

КУӘЛІК/ УДОСТОВЕРЕНИЕ

Берілді: Выдано: Абат Дастан

Должность: Лауазымы: Оператор технологической установки

Департамент: ПАУ

Отдел: УСТАНОВКА ПО ПРОИЗВОДСТВУ АРОМАТИЧЕСКИХ УГЛЕВОДОРОДОВ

Курсын тындады: Прослушал (а) курс: Пожарно-технический минимум

Действительно до 29 октября 2021 г. дейін жарамды

*Сурет 1.* Өрт-техникалық минимум электронды куәлігі




Сонымен қатар iSpring жүйесі,міндетті оқыту сабақтарынын уақыттан тыс мерзімінен асып кетпеуіне АМӨЗ оқыту бөліміне көмектеседі.

Жұмысшылар өз куәліктерін көру ушін, алдымен iSpring жүйесіне кіру қажет.

Содан сон *Профиль →Настройка профиля → Сертификаты* батырмасын басып оқыған міндетті оқыту құжаттын (сурет 2) көре алады.

*Сурет 2.* Настройка профиля → Сертификаты

МАРАПАТ

# ЕЛЕУЛІ ЕҢБЕККЕ – ЖОҒАРЫ ҚҰРМЕТ

**Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алғанына 29 жыл толуына орай Атырау мұнай өңдеу зауытының бірқатар қызметкерлері марапаттарға ие болды. Атырау облысы Кәсіподақ бірлестігі төрағасының орынбасарлары Еділ Ұзақбай және Жексенбай Құсайынов АМӨЗ Бастауыш партия ұйымының төрайымы Бақыт Өтебалыға «Кәсіподақ ардагері» төсбелгісін табыс етті. Зауыт кәсіподақ ұйымы атынан төраға Ғалымжан Амантурлин 12 қызметкерді мерекемен құттықтап, жұмыстарына табыс тіледі.**

**«Мұнай-газ саласының еңбек сіңірген қызметкері» төсбелгісімен** мұнай өңдеу және мұнай өнімдерін терең күкіртсіздендіру технологиялық қондырғысының операторы Нұрлан Қапаров пен «iQSEngineering» ЖШС бақылау-өлшеу аспабының слесарі Владимир Мартынов марапатталса, Қазақстан Республикасының **Энергетика Министрлігінің құрмет грамотасымен** күкірт және кокс өндірісінің дайындау жөніндегі инженері Наталья Кабанкина ұлықталды. Сонымен қатар «Қазтурборемонт «сервистік орталығы» ЖШС сорғы-компрессорлық тобының шебері Нариман Өмірбеков пен Мұнай өндіру мен тасымалдауды есепке алу жөніндегі оператор Назым Альжанова **KAZENERGY құрмет грамотасына**, ал «Өрт сөндіруші» АҚФ өрт қауіпсіздігі жөніндегі



аға нұсқаушысы Қанат Қырықбаев пен жылу және электр энергия өндірісінің химиялық су тазалау аппаратшысы Бахтияр Бекмурзиев **KAZENERGY алғыс хатына** ие болды. Және де **салалық «Профнефтехим» құрмет грамотасын** мұрағат меңгерушісі Гүлжахан Аймағамбетова, мұнайды тереңдетіп өңдеу кешенінің құрамдастырылған қондырғы бастығы Қанат Раукен, «Нефтестройсервис ЛТД» ЖШС аға қоймашысы Крестина Черенкова, жылу және электр энергия өндірісінің бастығы Александр Федоров, құжат айналымы жөніндегі маман Дариға Шамшенова қанжығаларына байлады.

Бұдан бөлек тағы да 11 адамды мерекенің құрметіне құттықтады. Ароматикалық көмірсутектер өндірісінің операциялық үйлестіруші Фатима Кенжеғалиева **«Мұнай-газ кешенін дамытуға қосқан үлесі үшін» медалімен** марапатталса, Жетекші инженер-энергетик Владимир Поленов **«Құрметті энергетик» төсбелгісіне** ие болды. Ал, ақпараттық технология бөлімінің басшысы Эльмира Орынбасарова Қазақстан Республикасының **Энергетика министрлігінің құрмет грамотасын** иемденді. **KAZENERGY медалі** мұнай өңдеу және мұнай өнімдерін терең күкіртсіздендіру өндірісінің аға операциялық үйлестірушісі Құсайын Орынбасаров, Бас директордың өндіріс жөніндегі бірінші орынбасары – Бас инженер Еркін Сүлейменов пен мұнай өңдеу және мұнай өнімдерін терең күкіртсіздендіру өндірісінің аға операциялық үйлестірушісі Сергей Қарабасовқа бұйырды. **«АМӨЗ-75 жыл» мерейтойлық медалін** зейнеткер Екатерина Бакалкина қанжығасына байласа, **«Еңбек ардагері» медалі** зейнеткерлер Андрей Швайгерт пен Жолдас Ескараевқа табысталды.

**Барлық марапат иелерін құттықтаймыз!**

БІЛІМ

# iSpring туралы не білеміз?

**Атырау мұнай өңдеу зауытында «Білім» жобасы іске қосылғандығы белгілі. «Білім» жобасы персоналды іріктеу, оқыту, даярлау және дамыту бойынша 13 бағытты қамтиды. Аталмыш жобаны іске асыру шеңберінде жаңадан қабылданған қызметкерлерге арналған бейімдеу бағдарламасын жетілдіру және өндірістік-техникалық оқыту, оффлайн оқытудан онлайн-оқуға көшу мақсатында қызметкерлерді тиімді оқыту үшін әр қызметкер бойынша талдау жүргізу мүмкіндіктері бар iSpring платформасы сатып алынды.**

Платформа 4 құралдан тұрады:

1. Қашықтықтан оқыту порталы
2. Электрондық курстар мен тесттердің конструкторы
3. Мобильді қосымша
4. Қызметкердің электрондық паспорты

«Менің курстарым» бөлімі каталогтан немесе тағайындалған әкімшіден қосылған барлық курстарды біріктіреді.

**ISpring платформасында «бейімделу бағдарламасы»**

Кәсіпорындағы жұмыс орнына жаңа жұмыскерді даярлау. Тест тапсырмалары бар 9 бейне сабағын қамтиды.

**Оқу ұзақтығы: 7 сағат 30**

Бастапқы өңдеу бойынша мультимедиялық оқыту кешені – «Атырау МӨЗ мұнайды бастапқы өңдеу» бойынша интерактивті курс.

Өзін-өзі дамыту курстары бейне, бейне-презентация, презентация, тест, интерактивті тренажер, сторителлинг және т. б. форматтағы 37 курстан тұрады. Өзін-өзі дамыту курстарының негізгі бағыттары: MS excel, MS powerpoint, жобалармен жұмыс, еңбекті қорғау негіздері, электр қауіпсіздігі, алғашқы көмек, үшбұрыш идеяны ілгерілету және т. б.



Білім базасы - зауыттың барлық қызметкерлері үшін еркін қолжетімді түрлі материалдардан тұратын бөлім.

Қазіргі уақытта білім базасына өзін-өзі дамыту бойынша 100 кітап және зауыт қондырғыларының техникалық регламенттері жүктелген.

ISpring оқыту енді оқу сыныптарымен шектелмейді. Қызметкерлер кез келген құрылғылардан: ноутбуктер, планшеттер мен телефондардан курстар аша алады. Ал iOS және Android үшін қосымшалармен курстар тіпті интернетсіз де үйренуге жағдай жасалған. Қызметкерлер курстардан өтеді, тесттерді тапсырады және өткен материалды кез келген ыңғайлы уақытта, яғни: үйде, жолда, дәмханада немесе жұмыста үзіліс кезінде қайталай алады.

БЛАГОТВОРИТЕЛЬНОСТЬ

# ВМЕСТЕ МЫ – СИЛА

**В преддверии 29-летия независимости Казахстана, общественное объединение Атырауской области «Зағиптар арманы» совместно с инвалидами и волонтерами провело благотворительный фестиваль «Әрқашанда біргеміз, сөгілмесін іргеміз». В нем приняли участие волонтеры из Кызылкогинского, Индерского и Жылойского районов, а также из города Атырау. В качестве почетных гостей на фестиваль были приглашены руководители ТОО «АНПЗ» и его профсоюзной организации, которые откликнулись на просьбу незрячих людей. Профсоюзная организация завода оказала благотворительную помощь ОО «Зағиптар арманы», выделив 200 тысяч тенге.**

Заместитель председателя профсоюзной организации Атырауского НПЗ, председатель ППО «Nur Otan» Бакыт Отебалы от имени генерального директора завода Ш.Данбай и председателя профкома Г. Амантурлина поздравила членов общественного объединения «Зағиптар арманы», всех участников фестиваля с Днем Независимости Республики Казахстан, и пожелала крепкого здоровья, семейного благополучия, процветания родному государству и успешного претворения в жизнь всех намеченных государственных программ, нацеленных на повышение уровня жизни казахстанцев, в том числе и улучшение социальных условий уязвимых слоев населения. В свою очередь, руководитель ОО «Зағиптар арманы» А.Досаманов поблагодарил коллектив АНПЗ за оказанную помощь и пожелал успехов в труде.

МҰРАЖАЙ

# Тарих қойнауына бірге үңілейік

**Корпоративтік мәдениетті арттыру және жаңадан қайта жабдықталған «Атырау мұнай өңдеу зауыты тарих және еңбек даңқы залында» ұсынылған кәсіпорын тарихымен және жетістіктерімен таныстыру мақсатында әр өндірістен қызметкерлер баруға міндеттелген болатын.**

Қазіргі таңда көптеген қондырғы қызметкерлері зауыт мұражайын аралап, тарихқа көз жүгіртіп, болашаққа жоспарлар құруда. Зауыттықтар жақсы пікір қалдырып, алғысын білдіруде:

«Зауыттықтар мен кәсіпорын тарихын мазмұнды түсіндіргендеріңіз үшін алғыс білдіреміз. Зауыт тарихына қатысты көптеген жаңа дүниелерді біліп, архивтегі фотолар мен құжаттарды көрдік. Зауыттың бүкіл тарихы бойынша егжей-тегжейлі ойластырылған және жақсы таңдалған экспозиция. Заманауи мультимедиялық шешімдер-экрандар мен сенсорлық панельдер экспозицияны толықтырады және слайдтар мен бейнелердің көмегімен зауыттың өткен және қазіргі өміріне енеді. Маған зауыттың қызықты аукымды макеті ұнады, ол кәсіпорынның құрылымын және зауыт қондырғыларын жергілікті және жалпы жарықтандыру арқылы жаңғырту кезеңдерін айқын көрсетті.

Экскурсия өте ұнады, жаңартылған мұражай өте ұнады, өз тарихымызды мақтан тұтамыз, жаңартылған мұражай идеясына және оның жүзеге асырылуына жан мен күш салғандардың барлығына рахмет», - деп алғысын білдірді орталық зауыт зертханасының мамандары.




БЕРЕКЕЛІ МЕРЕКЕ




**Жаңа жылдағы ең басты дәстүр – үй ішіне шырша қойып, ойыншықтармен безендіру. Алғашқы безендірілген шыршалар қазіргі Франция аумағындағы Эльзаста 1605 жылы пайда болған, деп санайды тарихшылар. Кейін біртіндеп бүкіл Еуропа шырша безендіре бастайды, әлбетте, әуелі дәулетті адамдар мен саудагерлердің үйінде ғана пайда болған. XIX ғасырда барлық жерде шырша қою дәстүрге айналды.**

* Шыршаға ілуге арналған алғашқы шар тәріздес шыны ойыншық Тюрингияда (Саксония) XVI ғасырда жасалды. Шеберлер шыныдан әртүрлі пішінді ойыншықтар жасайтын болған: қоңырау, жүрек, аң-құс, шар, бүршік, жаңғақ. Содан кейін оларды көздің жауын алатын қанық түстермен бояған.

* Алғашқы жаңажылдық ашық хат Лондонда 1843 жылы басып шығарылды.

* Эльдар Рязановтың “Ирония судьбы” картинасы 1975 жылдың 31 желтоқсанынан бастап жылда көрсетіледі.

* Ер бала өмірге келу үшін ерлі-зайыпты Жаңа жылда Лапландияға баруы тиіс деген ырым бар.

* Тағы бір ырымға сүйенсек, жаңа жыл алдындағы түс келер жылға жорамал жасайды.

* Көптеген елде жаңа жыл түні аспан көк болса, астық мол болады деген сенім қалыптасқан.

* Еуропада рождество шыршалары ең көп сатылатын ел – Дания.

* Ресейдің зейнетақы қоры Аяз Атаға «Ертегі еңбегінің ардагері» деген атақ берген.

* Санта-Клаустың бұғыларының аты: Дэшер, Дэнсер, Прэнсер, Виксен, Комет, Кюпид, Доннер, Блитцен. Солтүстік Америкада бұғылардың бастаушысы – қызыл мұрынды Рудольф.

* Римдіктер үшін Жаңа жылдың алғашқы күні 1 қаңтар болып есептелінген. Римдіктер бұл күнді ерекше тойлап, сәтті өткізу үшін барын салған. Мерекені тойлауды императорлары Юлий Цезарь жаңа күнтізбе енгізген.

* Жаңа жылдық мерекені үйде отбасымен шырша безендіріп тойлау адамзат баласына 150 жылдан астам уақыт бұрын бұйырған.

* Жаңа жыл тұңғыш рет Месопотамияда тойланған. Ғалымдардың айтуынша, адам баласы алғашқы жаңа жылды біздің заманымыздан бұрынғы үшінші мыңжылдықта атап өткен. Жаңа жылды тойлау межесі Тигр мен Евфрат өзендеріне су толып, егін шаруашылығының басталған кезіне тура келеді.

* Бірқатар этнограф тарихшылар қыпшақтарда да шырша мерекесі болғанын, Жаңа жылдың көшпелілердің де байырғы мейрамы екенін жазады.

* Орыстарда I Петрге дейін жаңа жыл мерекесі 1 қыркүйек күні тойланып келген. Тек I Петр келген соң, 1 қаңтарға ауыстыруға үкім шығарған. Яғни 1700 жылдан бастап орыстар жаңа жылды әшекейлі шыршамен қарсы алу дәстүрін енгізіп, Ресейде жаңаша жыл санау басталған.

* Әлемдегі ең үлкен жасанды шырша Шри-Ланканың астанасы Коломбо қаласында құрылған. Шырша миллиондаған бүршіктер мен жүздеген мың мерекелік алаумен көмкеріліп, болат шыбықтар мен сымдардан жасалған. Биіктігі 73 метрге жетеді.

* АҚШ-та Ақ Үй алдында алғаш рет 1895 жылы шыршаға ілінген электрлі түрлі-түсті тізбек жанған.

* Алғаш жаңа жылдық шыршаны безендіру XVI ғасырда Германияның Эльзас қаласында бастау алған. Ал кейбір жазбаларда шырша қолданысқа енбес бұрын Еуропа халықтары өз мерекелеріне пирамида пішіндес ағаштан жасалған құрылғыларды пайдаланғандығы жазылған. Олар бұл құрылғының сөрелеріне тәтті-дәмділер мен сыйлықтар қоятын болған. Ал кейбір елдерде шие ағашы - Жаңа жыл сәні болған.

* Аустралияда жаңа жыл экзотикалық түрде өтеді. Қар, шырша, бұғы сынды мереке атрибуттары жоқ. Ондағы Аяз Ата Сидней жағалауына су киімімен келеді. Дәстүр бойынша оның киімінде ақ сақал және қызыл қалпақ болады.

* Мұсылман мелкеттері оның ішінде Египет, Ливан, Сирия, Біріккен Араб әмірліктері жаңа жыл мерекесін тойлады. Бірақ жаңа жыл барлық араб елдерінде тойланбайды. Мысалы Сауд Арабияда 31 желтоқсаннан 1 қаңтарға қараған түні жаңа жылды тойлайтын болсаңыз жауапқа тартыласыз.

*Ақпарат ғаламтордан алынған*

«НОВАТОР» басылымы
№24. 31 желтоқсан 2020 жыл

РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ:
060001, Атырау қ.,
«АМӨЗ» ЖШС, З.Қабдолов к-сі,1
тел.: 25-97-71, тел.факс: 25-96-75

Газет «Print House Gerona» ЖШС баспаханасында басылды.
Алматы қ, Помяловский к-сі, 29 «А»/1. Тел: 398-94-59, 250-47-40, 398-94-60; ф.250-47-39
Тиражы 1200 дана
Тапсырыс № 2020

БҰҚАРАМЕН БАЙЛАНЫС ЖӨНІНДЕГІ БӨЛІМІ:
бастығы А.Татиева
«MEDYAGROUP» ЖК:
жетекшісі – Д.Мұхамбетов
редакторлар: И.Сатылғанова, А.Аймұратқызы.

Газет Қазақстан Республикасының баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде 1992 жылғы 27 мамырда тіркеліп, тіркеу туралы №790 куәлігі берілген

Газет редакциясы жарнама материалдары мен хабарландырулар, құттықтаулар және көңіл айту мазмұнына жауап бермейді.

НОВАТОР